<question> 39 жастағы ер адам, құрылысшы,соңғы 3 айдан бері тұрақты жөтел, таңертең көп мөлшерде қақырық бөлінеді, кейде жағымсыз иісті. Жиі әлсіздік, дене қызуы 37,8°C. Кеуде тұсында мезгіл-мезгіл ауырсыну болады.Соңғы 10 жыл шаңды ортада жұмыс істеген.

Қарау кезінде: Өкпеде – шашыраңқы ылғалды сырылдар, кейбірі «металлдық» реңкті. Қанда – анемия, ЭТЖ жоғары. Бронхографияда – кеңейген, деформацияланған бронхтар анықталды. Ең ықтимал диагноз?

<variant> Бронхоэктаз ауруы

<variant> Өкпе туберкулезі

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе абсцесі

<question> 63 жастағы ер адам, темекіні 45 жылдан бері шегеді. соңғы жылдары тұрақты жөтел, іріңді қақырық, үнемі күшейетін ентігу. Соңғы айларда аяқ-қолдары ісінген, бауыр үлкейге еріндері көгерген, мойын веналары ісінген, аяқтарында ісік. Өкпеде – шашыраңқы құрғақ сырылдар, тыныс әлсіз.

Зерттеу: ЭКГ – өкпенің жүрегі белгілері. Спирометрия – ауыр обструкция.Ең ықтимал диагноз?

<variant> Созылмалы обструктивті өкпе ауруы, өкпелік жүрек сатысы

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> Бронх демікпесі

<variant> Пневмокониоз

<question> 28 жастағы әйел.

Шағымдары: соңғы 2 айда жөтел, қан түкіру, салмақ жоғалту, дене қызуы 37,5°C. Түнде қатты терлейді.

Қарау кезінде: өкпеде шашыраңқы сырылдар.

Зерттеу: Манту сынамасы – гиперергиялық. Қанда – лимфоцитоз. Рентген: оң жақ жоғарғы бөлігінде қуысты инфильтрат. Қақырықта Кох таяқшасы табылды.Қандай диагноз қойылады?

<variant> Инфильтративті туберкулез

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе саркоидозы

<variant> Өкпе ісігі

<question> 70 жастағы ер адам. кенеттен пайда болған ентігу, көкірек артында ауру сезімі, жүрек соғуының жиілеуі.

Анамнез: 3 күн бұрын аяқтарында ісіну пайда болған, ұзақ уақыт төсек тартып жатқан.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, цианоз, артериялық қысым төмен. Өкпеде өзгеріс аз, жүрек тондары тұйықталған.

Зерттеу: ЭКГ – оң жүрек жүктемесі. АнгиоКТ – өкпе артериясында тромб. Қандай диагноз ең ықтимал?

<variant> Өкпе артериясының тромбозмболиясы

<variant> Миокард инфарктісі

<variant> Пневмония

<variant> Бронх демікпесі

<variant> Плевра эмпиемасы

<question> <variant> тағы әйел.

Шағымдары: кенеттен дамыған ентігу, құрғақ жөтел, оң жақ кеуде тұсында қатты ауру сезімі.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, тыныс жиілігі – 32 рет/мин. Перкуссияда – оң жақта қораптық дыбыс, аускультацияда тыныс естілмейді.

Зерттеу: Рентген – оң жақ өкпенің толық коллапсы, медиастиnum ығысқан. Қандай диагноз қойылады?

<variant> Қақпақша пневмоторакс

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Пневмония

<variant> Плевра эмпиемасы

<variant> Бронхоэктаз

<question> 30 жастағы әйел.соңғы 6 айда қайталамалы тұншығу ұстамалары, түнде жиі құрғақ жөтел, кеудесі қысылып оянады.

Анамнез: Отбасында аллергия бар.

Қарау кезінде: экспираторлық ентігу, шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Спирометрияда бронходилататордан кейінгі айқын жақсаруы анықталды. Қандай диагноз ең ықтимал?

<variant> Бронх демікпесі

<variant> СОӨА

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе саркоидозы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 27 беті

<question> 49 жастағы ер адам, зауыт жұмысшысы. Шағымдары: жөтел, еңтігу, мезгіл-мезгіл дене қызуы көтеріледі.

Қарау кезінде: өкпеде ұсақ сырылдар.

Зерттеу: Рентген – өкпе түбірлерінде үлкейген лимфа түйіндері, екі жақта да торлы-интерстициалды өзгерістер. Биопсияда гранулема табылды. Қандай диагноз сәйкес келеді?

<variant> Саркоидоз

<variant> Пневмококкиоз

<variant> Туберкулез

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе ісігі

<question> 36 жастағы ер адам, соңғы 2 аптада жоғары температура, іріңді қақырықпен жөтел, кеуде тұсында қатты ауру сезімі, әлсіздік.

Қарау кезінде: дене қызуы 39°C, тынысы жиілеген.

Өкпенің төменгі бөлігінде тимпаникалық дыбыс, ірің шыққан соң амфоралық тыныс.

Зерттеу: Рентген – сұйықтық деңгейімен қуысты инфильтрат. Қандай диагноз ең ықтимал?

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Туберкулез

<variant> Пневмония

<variant> Плеврит

<question> 59 жастағы ер адам.

Шағымдары: соңғы 6 ай бойы тұрақты жөтел, қан түкіру, кеуде тұсында ауырсыну, дене салмағы азайған.

Қарау кезінде: әлсіздік, тері бозғылт. Өкпеде сырыл аз, бірақ бір аймақта тыныс әлсіреген.

Зерттеу: Рентгенде өкпе түбірінде түйін тәрізді көлеңке. Бронхоскопияда ісік анықталды. Қандай диагноз ең ықтимал?

<variant> Өкпенің орталық обыры

<variant> Туберкулез

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Саркоидоз

<question> 63 жастағы ер адам бөлінуі қиын шырышты-іріңді қақырықты жөтелге, күш түскенде күшейетін еңтігу, дене қызуы 38°C дейін көтерілуіне шағымданады. Суықтағаннан кейін жедел ауырып қалған. 40 жылдан бері темекі шегеді.

Қарау кезінде: жағдайы орташа ауыр, тыныс жиілігі – 26 рет/мин. Аускультацияда – ұзартылған дем шығару, әлсіреген тыныс фонында құрғақ сырылдар, оң жақ жауырын астында ылғалды сырылдар естіледі.

Перкуторлы дыбыс – тұйық.

Зерттеу: Рентгенде – оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде 1–2 см инфильтративті көлеңкелер. Лейкоциттер – 14 000, ЭТЖ – 22 мм/сағ. ФДШК1 – 58%. Диагнозы?

<variant> Жедел пневмония (СОӨА фонында)

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Өкпе туберкулезі

<variant> Пневмококкиоз

<variant> Өкпе ісігі

<question> <variant> тағы әйел соңғы 2 аптадан бері дене қызуы 38–39°C, әлсіздік, тершендік, қатты жөтел, іріңді қақырық бөлінуіне шағымданады. Қақырық жағымсыз иісті.

Қарау кезінде: дене қызуы жоғары, тынысы жиілеген.

Перкуссияда оң жақ төменгі бөлігінде тұйық дыбыс, аускультацияда ірің жарылғаннан кейін амфоралық тыныс естіледі.

Зерттеу: Рентгенде – сұйықтық деңгейімен қуысты инфильтрат. Қанда – нейтрофильді лейкоцитоз. Диагнозы?

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Пневмония

<variant> Туберкулез

<variant> Плевра эмпиемасы

<variant> Өкпенің орталық обыры

<question> ер адам кенеттен еңтігу, кеуде тұсында қатты ауру сезімі, құрғақ жөтел пайда болғанын айтады.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, тыныс жиілігі – 30 рет/мин, цианоз. Перкуссияда – сол жақта қораптық дыбыс, тыныс естілмейді.

Зерттеу: Рентген – сол өкпенің толық коллапсы, медиастиnum қарама-қарсы жаққа ығысқан. Диагнозы?

<variant> Қақпақша пневмоторакс

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Саркоидоз

<question> 28 жастағы әйел.

Шағымдары: соңғы айларда жөтел, қан түкіру, дене салмағының азаюы, дене қызуы 37,5°C, түнгі тершендік.

Қарау кезінде: әлсіз, терісі бозғылт. Аускультацияда шашыраңқы сырылдар.

Зерттеу: Манту сынамасы – гиперергиялық. Рентгенде оң жақ жоғарғы бөлігінде қуысты инфильтрат.

Қақырықта Кох таяқшасы анықталды. Диагнозы?

<variant> Инфильтративті өкпе туберкулезі

<variant> Бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Өкпе саркоидозы

<question> 55 жастағы ер адам, 30 жылдан бері темекі шегеді.

Шағымдары: ұзақ уақыттан бері созылмалы жөтел, іріңді қақырық, еңтігу, соңғы жылдары аяқтарының ісінуі.

Қарау кезінде: цианоз, аяқтарында ісіну, бауыр ұлғайған, мойын көктамырлары кернелген.

Зерттеу: ЭКГ-де өкпелік жүрек белгілері. Спирометрия – ауыр обструкция. Диагнозы?

<variant> Созылмалы обструктивті өкпе ауруы, өкпелік жүрекпен

<variant> Бронх демікпесі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 69/40 беттің 28 беті

<variant> Эмфизема

<variant> Пневмокониоз

<variant> Бронхоэктаз

<question> 60 жастағы ер адам.

Шағымдары: кенеттен пайда болған енгігу, көкірек артындағы ауру сезімі, әлсіздік.

Анамнез: ұзақ уақыт төсекте жатқан, аяқтарында ісіну болған.

Қарау кезінде: цианоз, артериялық қысым төмен, тахикардия.

Зерттеу: ЭКГ – оң жүрек жүктемесі. АнгиоКТ – өкпе артериясында тромб. Диагнозы?

<variant> Өкпе артериясының тромбозмболиясы

<variant> Миокард инфарктісі

<variant> Пневмония

<variant> Плеврит

<variant> Саркоидоз

<question> 35 жастағы әйел, аллергиялық анамнезі бар.

Шағымдары: қайталамалы түншығу ұстамалары, түнде құрғақ жөтел, кеуде қысылуы.

Қарау кезінде: экспираторлық енгігу, құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Спирометрия – бронходилататордан кейін айқын жақсаруы бар. Диагнозы?

<variant> Бронх демікпесі

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> СОӨА

<variant> Пневмония

<variant> Туберкулез

<question> 48 жастағы ер адам, зауыт жұмысшысы.

Шағымдары: жөтел, енгігу, әлсіздік.

Қарау кезінде: шашыраңқы ұсақ сырылдар.

Зерттеу: Рентген – екі өкпеде торлы өзгерістер, түбірлік лимфа түйіндері үлкейген. Биопсияда гранулемалар табылды. Диагнозы?

<variant> Саркоидоз

<variant> Туберкулез

<variant> Пневмокониоз

<variant> Пневмония

<variant> Бронхоэктаз

<question> 41 жастағы ер адам.

Шағымдары: ұзақ уақыттан бері көп мөлшерде қақырықпен жөтел, әсіресе таңертең, жиі өршу.

Қарау кезінде: шашыраңқы ылғалды сырылдар, кейбірі «металлдық» тембрлі.

Зерттеу: Бронхография – кеңейген, деформацияланған бронхтар. Диагнозы?

<variant> Бронхоэктаз ауруы

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Абсцесс

<variant> Саркоидоз

<question> 62 жастағы ер адам.

Шағымдары: соңғы айларда жөтел, қан түкіру, кеудедегі ауырсыну, арықтау.

Қарау кезінде: әлсіздік, терісі боз.

Зерттеу: Рентгенде өкпе түбірінде түйін тәрізді көлеңке.

Бронхоскопияда ісік анықталды. Диагнозы?

<variant> Өкпенің орталық обыры

<variant> Туберкулез

<variant> Пневмония

<variant> Абсцесс

<variant> Бронхоэктаз

<question> 54 жастағы ер адам. 20 жылдан бері темекі шегеді.

Шағымдары: жөтел, іріңді қақырық, әлсіздік, дене қызуы 38,5°C, енгігу. 5 күн бұрын суық тиген.

Қарау кезінде: дене қызуы жоғары, тыныс жиілігі 28 рет/мин. Оң жақ төменгі бөлікте тұйық дыбыс, ұсақ көпіршікті сырылдар.

Зерттеу: Қанда – лейкоцитоз, нейтрофилдер 80%.

Рентген – инфильтративті қараю. Бұл жағдайда ең алғашқы тағайындалатын ем тактикасы қандай?

<variant> Кең спектрлі антибиотик бастау

<variant> Кортикостероид тағайындау

<variant> Қақырық жинауға дейін емді күтуді жалғастыру

<variant> Тек қана қақырық түсіретін дәрі беру

<variant> Витаминдермен шектелу

<question> 37 жастағы әйел, аллергиялық анамнезі бар.

Шағымдары: түнде ұстамалы енгігу, құрғақ жөтел, ысқырықты тыныс.

Қарау кезінде: экспираторлық енгігу, шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 төмен, ингаляциядан кейін қалпына келеді. Ұстама кезінде науқасқа жедел көмек ретінде қандай дәрі тиімді?

<variant> Қысқа әсерлі β_2 -агонистер (сальбутамол)

<variant> Ұзақ әсерлі теofilлин

<variant> Ингаляциялық кортикостероид

<variant> Антигистаминдер

<variant> Антибиотик

<question> 62 жастағы ер адам, ұзақ уақыт темекі шегуші.

Шағымдары: ұзақ уақытты жөтел, көп мөлшерде іріңді қақырық, енгігу. Соңғы аптада аяқ-қолдары ісінген.

Қарау кезінде: еріндері көгерген, мойын көктамырлары кернелген, аяқтарында ісік. Аускультация – шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: ЭКГ-де өкпелік жүрек белгілері. Бұл науқаста дамыған асқыну қандай?

<variant> Өкпелік жүрек

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Пневмония

<variant> Плеврит

<question> 41 жастағы ер адам.

Шағымдары: дене қызуы 39°C, қалтырау, кеудедегі ауру сезімі, көп мөлшерлі іріңді қақырық, жағымсыз иіс.

Қарау кезінде: әлсіздік, тершендік. Перкуссия – тимпаникалық дыбыс, ірің жарылғаннан кейін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	69/40 беттің 29 беті
--	--	-----------------------------

амфоралық тыныс.

Зерттеу: Рентгенде – сұйықтық деңгейімен қуысты көленке. Бұл науқастың ауруы қай дерттен дифференциалды диагноз қоюды талап етеді?

<variant> Өкпе туберкулезінен

<variant> Пневмониядан

<variant> Саркоидоздан

<variant> Эмфиземадан

<variant> Бронх демікпесінен

<question> 67 жастағы әйел, аяқтарының ісінуі, енгіту, құрғақ жөтел.

Анамнез: ұзақ уақыт гипертониямен ауырады, жүрек жетіспеушілігі бар.

Қарау кезінде: өкпенің төменгі бөліктерінде майда көпіршікті сырылдар, аяқтарында ісік, жүрек тондары әлсіреген.

Зерттеу: ЭКГ – сол жақ қарынша гипертрофиясы.

Эхокардиография – сол жақ қарыншаның фракциясы төмен. Бұл жағдайда енгірудің себебі қандай?

<variant> Жүрек жетіспеушілігі салдарынан дамыған өкпелік ісіну

<variant> Бронх демікпесі

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Өкпе туберкулезі

<variant> Өкпе ісігі

<question> 58 жастағы ер адам, ауыл тұрғыны.

Шағымдары: соңғы 2 аптадан бері дене қызуы 38–38,5°C, қатты қалтырау, жалпы әлсіздік, тәбеті жоқ, басы ауырады. Жөтел бастапқыда құрғақ болған, кейін жасыл түсті іріңді қақырық бөлінген. Кеудесінің оң жағында қатты ауру сезімі күшейген. Енгіту бар.

Анамнез: Өзін суық тигеннен кейін науқас сезіне бастаған. Жедел жәрдемге алғаш рет жүгінді.

Созылмалы аурулары жоқ.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр. Тері боз, еріндері көгерген. Дене қызуы – 38,9°C, тыныс жиілігі – 30 рет/мин, пульс – 110/мин. Перкуссияда оң жақ төменгі бөлікте тұйық дыбыс. Аускультацияда ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар.

Зерттеу: Қанда – лейкоциттер 17 000, нейтрофилдер 86%, ЭТЖ 40 мм/сағ. Рентгенде – оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде инфильтративті қараю. Бұл жағдайда ең ықтимал диагноз?

<variant> Жедел қауымдастық пневмония

<variant> Өкпе туберкулезі

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Саркоидоз

<variant> Плевра эмпиемасы

<question> 43 жастағы әйел, бастауыш сынып мұғалімі.

Шағымдары: соңғы 6 айда жиі жөтел, түнде тұншығу ұстамалары, кеудесінің қысылуы, демікпе. Түнгі уақытта бірнеше рет оянып, құрғақ жөтел қинаған.

Анамнез: 10 жылдан бері аллергиялық риниті бар, отбасында анасы бронх демікпесімен ауырған.

Қарау кезінде: жағдайы орташа. Тынысы жиі,

экспираторлық енгіту байқалады. Тері жабындылары боз, акроцианоз бар. Перкуссияда қораптық дыбыс, аускультацияда ысқырықты құрғақ сырылдар барлық аймақта.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 төмен, бронходилататордан кейін 20% жақсаруы тіркелген.

Қанда – эозинофилия. Бұл науқасқа ең тиімді базистік ұзақ мерзімді ем қандай?

<variant> Ингаляциялық кортикостероидтар

<variant> Қысқа әсерлі β_2 -агонистер

<variant> Антибиотиктер

<variant> Антигистаминдер

<variant> Жүйелік глюкокортикоид

<question> 66 жастағы ер адам, зейнеткер, бұрын шахтада жұмыс істеген.

Шағымдары: созылмалы жөтел, шырышты қақырық, соңғы жылдары біртіндеп үдеген енгіту. Қазір 300 метрден артық жаяу жүре алмайды. Түнде демі қысылады.

Анамнез: 40 жыл бойы шаңды ортада жұмыс істеген. Темекі шеккен. Жиі тыныс жолдарының қабынуымен ауырған.

Қарау кезінде: жағдайы орташа ауыр. Еріндері көгерген, тыныс жиілігі – 28/мин. Пальпацияда бауыр үлкейген, аяқтарында ісік. Перкуссияда қораптық дыбыс, аускультацияда шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 40%. ЭКГ-де оң жүрек жүктемесі. Эхокардиография – өкпелік гипертензия белгілері. Бұл жағдайда ең ықтимал диагноз қандай?

<variant> СОӨА, өкпелік жүрек сатысы

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Туберкулез

<variant> Өкпенің орталық обыры

<variant> Саркоидоз

<question> 35 жастағы ер адам.

Шағымдары: 2 апта бойы дене қызуы 38,5°C, көп мөлшерде жағымсыз иісті іріңді қақырық, кеудесінде ауру сезімі.

Анамнез: Бұрын бронхитпен жиі ауырған. Бұл жолы суық тигеннен кейін басталған, дене қызуы жоғары, әлсіз, терісі боз. Перкуссия – оң жақ төменгі бөлікте тимпаникалық дыбыс. Аускультацияда – ірің жарылғаннан кейін амфоралық тыныс.

Рентген – сұйықтық деңгейімен қуысты инфильтрат. Лейкоцитоз, ЭТЖ жоғары. Бұл науқаста ең тиімді алғашқы ем тактикасы?

<variant> Кең спектрлі антибиотиктерді, қақырық түсіретін дәрілерді және позициялық дренажды тағайындау

<variant> Тек антибиотик беру

<variant> Тек симптоматикалық терапия

<variant> Хирургиялық резекция бірден

<variant> Тек кортикостероид

<question> 59 жастағы ер адам.

Шағымдары: соңғы 6 айдан бері жөтел, қан түкіру,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 30 беті

кеудеде ауру сезімі, дене салмағы 10 кг азайған.

Анамнез: 30 жылдық темекі шегу өтілі бар. Алғаш рет 3 ай бұрын қан түкіру байқалған. Қарау кезінде: терісі бозғылт, әлсіз. Аускультация – тыныс әлсіреген, құрғақ сырылдар бар. Рентген – оң өкпе түбірінде түйін тәрізді көлеңке. Бронхоскопия – ісік анықталды. Гистология – жалпақ жасушалы карцинома. Бұл жағдайда негізгі ем тактикасы қандай?

<variant> Хирургиялық резекция (ісік алынатын болса)

<variant> Тек антибиотик

<variant> Кортикостероид

<variant> Физиотерапия

<variant> Тек симптоматикалық ем

<question> 47 жастағы ер адам, жүргізуші. Шағымдары: кенеттен басталған қатты кеуде ауруы, енгігу, құрғақ жөтел. Дене қызуы қалыпты.

Анамнез: 20 жыл бойы темекі шегеді. Ауру жедел, жұмыста ауыр зат көтергеннен кейін пайда болған.

Бұрын тыныс алу жүйесінен ауыр дерт болмаған.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр. Тынысы жиі – 32 рет/мин, терісі бозарып кеткен. Оң жақ кеуде клеткасының экскурсиясы артта қалған. Перкуссияда оң жағында тимпанит, тыныс естілмейді. Жүрек тондары солға ығысқан.

Зерттеу: Рентген – оң жақ өкпенің толық коллапсы, плевра қуысында ауа. Ең ықтимал диагноз?

<variant> Спонтанды пневмоторакс

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Эмфизема

<variant> Плевра экссудаты

<variant> Пневмония

<question> 34 жастағы әйел.

Шағымдары: дене қызуы 39°C, қалтырау, кеудесінде ауру сезімі, жөтел кезінде қоңыр түсті қақырық.

Анамнез: Бір апта бұрын суық тиген. Осы уақытқа дейін өзін-өзі емдеген, нәтиже болмаған.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, тыныс жиілігі 28/мин.

Перкуссияда сол өкпенің төменгі бөлігінде тұйық дыбыс, аускультацияда – крепитация, кейін ылғалды сырылдар.

Зерттеу: Қанда – лейкоциттер 18 000, ЭТЖ – 55 мм/сағ.

Рентген – сол өкпенің төменгі бөлігінде гомогенді инфильтрация. Бұл науқақта ең ықтимал диагноз?

<variant> Крупозды пневмония

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Плеврит

<variant> Туберкулез

<question> 61 жастағы ер адам.

Шағымдары: жөтел, аздаған қан аралас қақырық, енгігу, әлсіздік, дене салмағының азаюы.

Анамнез: 35 жыл темекі шеккен. Соңғы 2 айда белгілері күшейген.

Қарау кезінде: оң жақ жауырын астында тыныс әлсіреген. Дене қызуы қалыпты.

Зерттеу: Рентген – оң өкпенің түбір аймағында ісік

тәрізді көлеңке. Бронхоскопия – обструктивті түйін анықталды. Бұл науқақта негізгі диагноз?

<variant> Орталық өкпе рагы

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Созылмалы бронхит

<question> 39 жастағы әйел тыныс алғанда күшейетін кеуде ауруы, құрғақ жөтел, дене қызуы 37,5°C.

Анамнез: Бір апта бұрын ангинамен ауырған. Қазір кеудесінде шаншу сезімі мазалайды.

Қарау кезінде: тынысы жиі, аускультацияда плевралық үйкеліс шуы естіледі.

Зерттеу: Рентген – инфильтрат жоқ, бірақ плевра қалындауы бар. Қанда – лейкоцитоз. Ең ықтимал диагноз?

<variant> Құрғақ плеврит

<variant> Бронхит

<variant> Эмфизема

<variant> Пневмоторакс

<question> 72 жастағы ер адам, зейнеткер, созылмалы жөтел, көп мөлшерлі іріңді қақырық, дене қызуы 37,8°C, тәбеті жоқ, жүдеп кеткен.

Анамнез: Жиі тыныс жолдары қабынуымен ауырған. 40 жыл темекі шеккен.

Қарау кезінде: жағдайы орташа, енгігу. Аускультацияда көптеген ылғалды сырылдар, әсіресе базальді аймақтарда.

Зерттеу: Бронхография – бронхтардың кеңеюі, қабырғаларының деформациясы. Қанда – лейкоцитоз. Бұл науқақта ең ықтимал диагноз?

<variant> Бронхоэктаз ауруы

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Эмфизема

<variant> Туберкулез

<question> 52 жастағы ер адам, құрылысшы.

Шағымдары: соңғы айда кенеттен пайда болған қатты енгігу, төс артының ауруы, жүрек қағуы, әлсіздік.

Анамнез: 2 апта бұрын төменгі аяқтарында ісіну пайда болған, соңғы күндері ауырсынған. Темекі шегеді.

Созылмалы ауруы жоқ.

Қарау кезінде: жағдайы өте ауыр. Артериялық қысым – 80/50 мм сын.бағ., пульс – 120/мин, тыныс – 35 рет/мин.

Еріндері көгерген. Жүрек тондары тұйықталған, II тон өкпе артериясында акценттелген.

Зерттеу: ЭКГ – оң жүрек шамадан тыс жүктелген. КТ ангиопульмонография – өкпе артериясының тармақтарында тромб анықталған. Бұл науқақта ең ықтимал диагноз?

<variant> Өкпе артериясының тромбоэмболиясы

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Сол жақ жүрек жеткіліксіздігі

<variant> Пневмоторакс

<variant> Миокард инфарктісі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 31 беті

<question> 46 жастағы әйел, медбике.

Шағымдары: соңғы 2 жылда біртіндеп күшейген жөтел, шырышты қақырық, ентігу. Түнде жөтел күшейеді.

Анамнез: 15 жыл бойы туберкулез диспансерінде жұмыс істеген, бірнеше рет туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыста болған.

Қарау кезінде: жағдайы орташа. Аускультацияда шашыраңқы құрғақ сырылдар, кейде ылғалды сырылдар.

Зерттеу: Рентгенде – екі өкпеде ұсақ ошақты инфильтраттар. Қақырықта – қышқылға төзімді микобактерия табылды. Бұл жағдайда диагноз?

<variant> Өкпенің инфильтративті туберкулезі

<variant> Созылмалы бронхит

<variant> СОӨА

<variant> Өкпе саркоидозы

<variant> Пневмония

<question> 64 жастағы ер адам, шахтада 30 жыл жұмыс істеген.

Шағымдары: созылмалы жөтел, шырышты қақырық, үдеген ентігу, жалпы әлсіздік.

Анамнез: кәсіби зиянды фактор – көмір шаңымен ұзақ әсер. Темекі шеккен.

Қарау кезінде: тері боз, еріндері көгерген. Перкуссияда қораптық дыбыс, аускультацияда шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Рентген – екі өкпеде диффузды ұсақ ошақты және фиброздық өзгерістер. Спирометрия – рестриктивті және обструктивті бұзылыстар. Бұл жағдайда ең ықтимал диагноз?

<variant> Пневмокониоз

<variant> Эмфизема

<variant> Туберкулез

<variant> Бронхит

<variant> Саркоидоз

<question> 28 жастағы ер адам.

Шағымдары: дене қызуы 38,7°C, құрғақ жөтел, кеудесінде ауру сезімі, ентігу.

Анамнез: 3 апта бұрын суықтаған. Антибиотиктерге әсер болмаған.

Қарау кезінде: жағдайы орташа, тыныс жиілігі 26/мин. Аускультацияда базальді аймақтарда крепитация.

Зерттеу: Қанда – лейкоциттер 12 000, ЭТЖ 40 мм/сағ.

Рентген – екі өкпенің базальді аймақтарында интерстициальді инфильтрация. Бронхоальвеолярлы лаважды зерттегенде атипиялық қоздырғыштар табылды.

<variant> Атипиялық пневмония

<variant> Крупозды пневмония

<variant> Бронхит

<variant> Плеврит

<question> 55 жастағы әйел.

Шағымдары: құрғақ жөтел, баяу үдеген ентігу, жалпы әлсіздік.

Анамнез: соңғы 2 жылда біртіндеп нашарлаған, нақты триггер болмаған. Жұмыс істемейді, зиянды әдеттері

жоқ.

Қарау кезінде: терісі боз, тынысы жиі. Перкуссияда өкпе дыбысы қысқарған. Аускультацияда – ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар.

Зерттеу: Рентген – екі өкпеде «ұялы өкпе» көрінісі, диффузды фиброз. Спирометрия – рестриктивті бұзылыс.

<variant> Идиопатиялық өкпелік фиброз

<variant> СОӨА

<variant> Туберкулез

<variant> Бронхоэктаз

<variant> Пневмония

<question> 40 жастағы ер адам.

Шағымдары: кенеттен пайда болған ентігу, көкірек ауыруы, қан түкіру.

Анамнез: Дәрігерлік тексерісте бірнеше жыл бойы жүрекшелер фибрилляциясы бар екені анықталған.

Соңғы күндері аяқтарында ісіну болған.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, терісі боз-күлгін. Жүрек тондары ырғақсыз. Тынысы жиі, өкпеде тыныс әлсіреген аймақ бар.

Зерттеу: КТ – өкпенің бір сегментінде ишемиялық инфаркт көрінісі. Бұл жағдайда ең ықтимал диагноз?

<variant> Өкпенің инфарктісі (өкпе артериясының эмболиясына байланысты)

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Бронхит

<variant> Эмфизема

<variant> Плеврит

<question> 31 жастағы әйел.

Шағымдары: түнгі уақытта жиі ұстамалы жөтел, ентігу, кеуде қысылуы.

Анамнез: Науқаста бұрыннан аллергиялық диатез бар. Үйінде мысық ұстайды.

Қарау кезінде: ұстама кезінде тыныс шығару қиындаған, ысқырықты сырылдар естіледі.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 төмен, ингаляциялық β₂-агонистен кейін қалыпқа келген. Қанда – эозинофилдер жоғары. Бұл жағдайда негізгі диагноз?

<variant> Бронхиалды астма

<variant> СОӨА

<variant> Бронхит

<variant> Пневмония

<variant> Туберкулез

<question> 70 жастағы ер адам.

Шағымдары: үдеген ентігу, түнгі жөтел, көп мөлшерде шырышты қақырық.

Анамнез: 50 жыл бойы темекі шеккен. Бұрын созылмалы бронхитпен ауырған.

Қарау кезінде: жағдайы орташа, акроцианоз.

Перкуссияда – қораптық дыбыс, аускультацияда шашыраңқы құрғақ сырылдар.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 35%. Газдық құрам – гипоксемия, гиперкапния. Ең ықтимал диагноз?

<variant> СОӨА ауыр сатысы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 32 беті

<variant> Бронхоэктаз
<variant> Бронхит
<variant> Плеврит
<variant> Саркоидоз
<question> 36 жастағы ер адам.
Шағымдары: ұзаққа созылған жөтел, түнгі терлеу, қан түкіру, салмақ жоғалту.
Анамнез: Ауылда тұрады, үйінде ешкім ауырмаған, бірақ өзі мал шаруашылығымен айналысады.
Қарау кезінде: арық, терісі боз. Аускультацияда үстіңгі бөліктерде тыныс әлсіреген.
Зерттеу: Рентген – жоғарғы бөлікте қуысты инфильтрат. Қақырықта – МБТ+.Ең ықтимал диагноз?
<variant> Өкпенің кавернозды туберкулезі
<variant> Бронхоэктаз
<variant> СОӨА
<variant> Пневмония
<variant> Эмфизема
<question> 50 жастағы әйел.
Шағымдары: баяу дамыған ентігу, құрғақ жөтел, буындарда ауыру, көздің қызаруы.
Анамнез: 1 жыл бойы әлсіздік, субфебрилитет.
Қарау кезінде: терісі боз, лимфа түйіндері үлкейген. Аускультацияда ұсақ ылғалды сырылдар.
Зерттеу: Рентген – екі өкпеде медиастинальды лимфаденопатия, торлы-интерстициальді өзгерістер.
Қанда – ангиотензин-конвертирлеуші фермент жоғары.Бұл жағдайда ең ықтимал диагноз?
<variant> Өкпенің саркоидозы
<variant> Пневмония
<variant> Туберкулез
<variant> СОӨА
<variant> Эмфизема
<question> 62 жастағы ер адам, зейнеткер.
Шағымдары: соңғы бірнеше жыл бойы үдеген жөтел, шырышты қақырық, тұрақты ентігу. Соңғы айда әлсіздік күшейіп, аяқтары ісінген.
Анамнез: 40 жыл темекі шеккен, бірнеше рет жедел бронхитпен ауырған.
Қарау кезінде: акроцианоз, мойын көктамырлары кернелген, бауыр үлкейген, балтырларында ісік. Тыныс – 28/мин, сатурация 86%.
Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 35%. Эхокардиография – өкпелік гипертензия. Бұл науқаста негізгі емдік шаралардың қайсысы ең маңызды болып табылады?
<variant> Қосымша оттегі терапиясы (оттегі концентрациясы 24–28%)
<variant> Тек антибиотиктер
<variant> Тек диуретиктер
<variant> Ингаляциялық β_2 -агонистерді қысқа уақыт қолдану
<variant> Глюкокортикоид таблеткасы
<question> 48 жастағы әйел.
Шағымдары: түнде тұншығу ұстамалары, құрғақ жөтел, кеуде қысылуы.

Анамнез: балалық шағынан аллергиялық ринит. Соңғы айларда ұстамалар жиілеген.
Қарау кезінде: ұстама кезінде экспираторлық ентігу, ысқырықты сырылдар.
Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 төмен, ингаляциядан кейін жақсарған.Бұл науқаста базистік ұзақ мерзімді емді таңдауда қандай топтағы дәрілер бірінші қатарда қолданылады?
<variant> Ингаляциялық глюкокортикоидтар
<variant> Антибиотиктер
<variant> Антигистаминдер
<variant> Жүйелік стероидтар
<variant> Муколитиктер
<question> 72 жастағы ер адам.
Шағымдары: аяқ астынан ентігу, кеуде ауыруы, қан түкіру.
Анамнез: жүрекшелер фибрилляциясы бар, антикоагулянт қабылдамаған.
Қарау кезінде: жағдайы ауыр, тыныс жиілігі – 35/мин, пульс – 120/мин, АҚҚ – 85/60 мм сын.бағ. Еріндері көгерген.
Зерттеу: КТ – өкпе артериясының тромбозмболиясы. Жедел кезеңде бұл науқаста қандай ем тактикасы бірінші кезекте көрсетілген?
<variant> Антикоагулянт терапиясы (гепарин)
<variant> Антибиотик
<variant> Оттегімен ингаляциясыз тек бақылау
<variant> Ингаляциялық кортикостероид
<variant> Диуретик
<question> 44 жастағы ер адам.
Шағымдары: 2 аптадан бері дене қызуы 38–39°C, көп мөлшерде ірінді, жағымсыз иісті қақырық, әлсіздік.
Анамнез: суық тигеннен кейін ауру басталған, кейінірек қақырықпен бірге қан кету қосылған.
Қарау кезінде: терісі боз, тынысы жиі. Оң жақ өкпесінде амфоралық тыныс.
Зерттеу: Рентген – сұйықтық деңгейі бар қуысты көлеңке.Бұл жағдайда алғашқы емдік тактика қалай жүргізіледі?
<variant> Кең спектрлі антибиотиктер + муколитик + постуральды дренаж
<variant> Тек антибиотик
<variant> Хирургиялық резекция бірден
<variant> Тек қақырық түсіретін дәрілер
<variant> Физиотерапия
<question> 57 жастағы әйел.
Шағымдары: құрғақ жөтел, баяу үдеген ентігу, жалпы әлсіздік.
Анамнез: бірнеше ай бойы белгілер күшейген. Аллергия, кәсіби зиянды фактор жоқ.
Қарау кезінде: ұсақ ылғалды сырылдар, сатурация – 88%.
Зерттеу: Жоғары резольуциялы КТ – «ялы өкпе» көрінісі, интерстициальды фиброз. Бұл жағдайда ең тиімді емдік тәсіл қайсысы?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDICINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 33 беті

<variant> Антифиброздық терапия (пирфенидон немесе нинтеданиб)

<variant> Антибиотик

<variant> Ингаляциялық β_2 -агонист

<variant> Муколитик

<variant> Антигистамин

<question> 63 жастағы ер адам.

Шағымдары: 5 жыл бойы созылмалы жөтел, көп мөлшерде іріңді қақырық, үдеген еңтігу. Соңғы 2 аптада қызба, әлсіздік күшейген.

Анамнез: бала кезінен жиі тыныс жолдары ауруларымен ауырған. Қазір тәулігіне 200 мл-ге дейін іріңді қақырық бөледі.

Қарау кезінде: аускультацияда көптеген ылғалды сырылдар, перкуссияда – тұйық дыбыс ошақтары.

Зерттеу: Бронхография – кеңейген, деформацияланған бронхтар. Бұл науқаста негізгі емдік шараның қайсысы дұрыс?

<variant> Қақырық дренажын қамтамасыз ету (постуральды дренаж) және ұзақ антибиотикотерапия

<variant> Тек муколитик беру

<variant> Ингаляциялық β_2 -агонистер

<variant> Физиотерапия ғана

<variant> Тек хирургиялық ем

<question> 29 жастағы әйел.

Шағымдары: жүктіліктің соңғы айында кенеттен пайда болған еңтігу, көкірек ауыруы, бас айналу.

Қарау кезінде: жағдайы ауыр, АҚҚ – 80/50 мм сын.бағ., пульс – 130/мин, сатурация – 80%.

Зерттеу: КТ – өкпе артериясының жаппай эмболиясы. Жедел көмек көрсетудің бірінші қадамы қандай?

<variant> Оттегімен қамтамасыз ету және антикоагулянт (гепарин) енгізу

<variant> Антибиотик беру

<variant> Қақырық түсіретін дәрі

<variant> Бронхолитик

<variant> Глюокортикоид

<question> 51 жастағы ер адам.

Шағымдары: 3 айдан бері жөтел, аздаған қан түкіру, дене салмағы азаюы, әлсіздік.

Анамнез: 30 жылдық темекі шегу өтілі бар.

Қарау кезінде: оң өкпеде тыныс әлсіреген.

Зерттеу: Бронхоскопия – эндобронхиалды түйін, гистология – жалпақ жасушалы карцинома. Бұл жағдайда ем тактикасының бірінші қадамы қандай?

<variant> Ісікті хирургиялық алып тастау мүмкіндігін қарастыру

<variant> Антибиотикпен емдеу

<variant> Тек симптоматикалық терапия

<variant> Ингаляциялық стероид

<variant> Оттегі терапиясы

<question> 36 жастағы ер адам.

Шағымдары: субфебрильді температура, құрғақ жөтел, шаршағыштық.

Анамнез: соңғы 1 жылда көздің қызаруы, буын ауыруы, әлсіздік.

Қарау кезінде: медиастинальді лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Зерттеу: Рентген – екі өкпеде ұсақ ошақты және торлы өзгерістер. Сұрақ: Саркоидозды туберкулезден ажыратудың негізгі зерттеу әдісі қайсысы?

<variant> Биопсия және гистологиялық зерттеу

<variant> Қақырық бактериологиялық зерттеуі

<variant> Қандағы лейкоциттер

<variant> Рентген

<variant> Спирометрия

<question> 68 жастағы әйел.

Шағымдары: баяу дамыған еңтігу, жүрек қағу, аяқ ісінуі.

Анамнез: ұзақ жылдар бойы СОӨА-мен ауырған.

Қарау кезінде: акроцианоз, мойын көктамырларының кернеуі, бауыр үлкейген, балтыр ісігі.

Зерттеу: ЭКГ – оң жүрек гипертрофиясы.

Эхокардиография – өкпелік гипертензия. Бұл науқаста дамыған асқыну қайсысы?

<variant> Өкпелік жүрек (cor pulmonale)

<variant> Миокард инфарктісі

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Перикардит

<variant> Өкпе абсцесі

<question> 24 жастағы студент.

Шағымдары: құрғақ жөтел, кеуде қысылуы, түнде тұншығу ұстамалары.

Анамнез: бала кезінен атопияға бейім, үйінде шаң көп.

Қарау кезінде: ұстама кезінде экспираторлық еңтігу.

Зерттеу: Спирометрия – ФДШК1 төмен, ингаляциядан кейін қалпына келеді. Ұзақ мерзімді базистік емге қосымша, науқаста ұстама туындағанда қандай препарат қолданылады?

<variant> Қысқа әсерлі β_2 -агонистер (сальбутамол)

<variant> Антибиотик

<variant> Жүйелік кортикостероид

<variant> Антигистамин

<variant> Муколитик

<question> 59 жастағы ер адам.

Шағымдары: еңтігу, дене қызуы, іріңді қақырық,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Южно-Казахстанская медицинская академия» 69/40 беттің 34 беті

кеуде ауыруы.

Анамнез: 2 апта бұрын пневмониямен ауырған.

Қазір жағдайы нашарлаған.

Қарау кезінде: оң өкпеде тыныс әлсіреген.

Зерттеу: УДЗ – плевра қуысында сұйықтық, іріңді сипатта.Ең тиімді ем тактикасы?

<variant> Плевра қуысын дренаждау және антибиотикотерапия

<variant> Тек антибиотик

<variant> Тек симптоматикалық ем

<variant> Тек муколитик

<variant> Ингаляциялық глюкокортикоид

<question> 71 жастағы әйел

Шағымдары: баяу дамыған жөтел, қан түкіру, арықтау, әлсіздік.

Анамнез: ауылдық жерде тұрады, мал шаруашылығымен айналысқан.

Қарау кезінде: арық, әлсіз. Аускультация – тыныс әлсіреген.

Зерттеу: Қақырық зерттеуінде қышқылға төзімді микобактерия анықталды.Ең тиімді ем тактикасы?

<variant> Антитуберкулездік кешенді химиотерапия

<variant> Антибиотик

<variant> Ингаляциялық бронхолитик

<variant> Симптоматикалық терапия

<variant> Физиотерапия

<question> 58 жастағы ер адам.

Шағымдары: 2 айдан бері жөтел, қан түкіру, салмақ жоғалту, енгігу.

Анамнез: 35 жылдық темекі шегу тарихы бар.

Қарау кезінде: оң өкпеде тыныс әлсіреген.КТ – өкпе ісігі айқын метастаздармен. Бұл жағдайда қандай емдік тактика ең тиімді?

<variant> Паллиативтік (химиотерапия, сәулелік терапия)

<variant> Толық хирургиялық резекция

<variant> Тек антибиотик

<variant> Ингаляциялық глюкокортикоид

<variant> Тек симптоматикалық ем

<question> 42 жастағы әйел.

Шағымдары: дене қызуы, құрғақ жөтел, артралгия, бөртпе.

Анамнез: соңғы 2 аптада шетелден келген.

Қарау кезінде: жағдайы орташа, терісінде макулопапулезді бөртпелер.

Зерттеу: КТ – екі өкпеде «матты әйнек» симптомы, интерстициальді инфильтрация. ПТР – вирустық РНҚ+. Бұл жағдайда ем тактикасының негізгі бағыты қандай?

<variant> Қолдаушы терапия (оттегі, сұйықтық,

вирусқа қарсы дәрілер)

<variant> Кең спектрлі антибиотик

<variant> Тек муколитик

<variant> Тек антигистамин

<variant> Ингаляциялық β_2 -агонист

<question> 58 жастағы ер адам, 20 жылдан бері

бронхоэктазбен ауырады. Қатты жөтел ұстамасынан кейін кенеттен оң жақ кеуде аймағында қатты ауырсыну, енгігу пайда болды.

Қарағанда: кеуде қуысының оң жақ жартысы тыныс әлсіздігіне қатыспайды, қабырға аралықтары керілген, тимпанит, тыныс естілмейді. АҚ – 90/60 мм сын.бағ., ТАЖ – 32/мин, пульс – 120/мин.Қандай асқыну дамыды?

<variant> Спонтанды пневмоторакс

<variant> Плевра эмпиемасы

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Өкпелік қан кету

<variant> Ателектаз

<question> 63 жастағы ер адам, ұзақ жылдар

СОӨА-мен ауырады. Соңғы аптада енгігу

күшейген, аяқтары ісінген, бауыр үлкейген.

Қарағанда: мойын көктамырларының кернеуі, акроцианоз, тыныс жиілігі – 30/мин. ЭКГ-де оң жүрек гипертрофиясы. ЭхоКГ – өкпелік гипертензия.Қандай асқыну дамыды?

<variant> Өкпелік жүрек (cor pulmonale)

<variant> Миокард инфарктісі

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Перикардит

<variant> Өкпе ісінуі

<question> 46 жастағы ер адам пневмониядан кейін жағдайы күрт нашарлады. Қатты қалтырау, кеудесінде ауырсыну, қызба 39,5°C, қақырығы іріңді, сасық иісті.

Қарағанда: оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде тыныс әлсіреген, перкуссияда тұйық дыбыс. Рентгенде – деструкция ошағы, сұйықтық деңгейімен қуыс.Ең ықтимал диагноз?

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Плевра эмпиемасы

<variant> Пневмоторакс

<variant> Туберкулез

<variant> Карцинома

<question> 32 жастағы әйел, бронх демікпесімен есепте тұрады. Ұстамасы түнде басталған, енгігу, ысқырықты тыныс, сөйлей алмайды.

Қарағанда: жағдайы ауыр, тыныс жиілігі – 36/мин, қосымша бұлшықеттер қатысады, «тыныссыз тыныштық» (silent chest) феномені байқалады.Бұл науқаста дамыған асқыну қандай?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Южно-Казахстанская медицинская академия» 40 беттің 35 беті

<variant> Статус астматикус
 <variant> Өкпе ісінуі
 <variant> Плевра эмпиемасы
 <variant> Пневмоторакс
 <variant> Инфаркт-пневмония
 <question> 70 жастағы ер адам, ұзақ жылдар темекі шеккен. Кенеттен көп мөлшерде қан қақырды. Жөтел кезінде тұншығып, жағдайы ауырлады. Қарағанда: бозғылт, АҚ – 80/50 мм сын.бағ., пульс – 130/мин. Қанда Hb – 80 г/л. Бұл жағдайда алғашқы шұғыл шара қандай?
 <variant> Өкпелік қан кетуді тоқтату үшін бронх артериясын таңу/эмболизация және тыныс жолдарын қорғау
 <variant> Қақырық түсіретін дәрі
 <variant> Тек антибиотик беру
 <variant> Тек оттегі терапиясы
 <variant> Физиотерапия
 <question> 59 жастағы әйел, туберкулездің кавернозды түрімен ауырады. Кенеттен кеудесінде қатты ауырсыну, енгігу, әлсіздік пайда болды. Қарағанда: сол жақ кеуде тыныстан қалып қояды, тимпанит, тыныс естілмейді. Рентгенде – сол жақ өкпе толық «құлдырап» қалған.Бұл асқыну қайсысы?
 <variant> Кернеулі пневмоторакс
 <variant> Плевра эмпиемасы
 <variant> Өкпелік қан кету
 <variant> Экссудативті плеврит
 <variant> Өкпе абсцесі
 <question> 28 жастағы ер адам, бронхоэктаз ауруымен. Соңғы күндері қызбасы жоғарылап, көп іріңді қақырық бөлінген. Қарағанда: оң жақта перкуторлы дыбыс тұйық, тыныс әлсіреген, плевра қуысында сұйықтық деңгейі бар.Дамыған асқыну?
 <variant> Плевра эмпиемасы
 <variant> Өкпе абсцесі
 <variant> Өкпелік қан кету
 <variant> Пневмоторакс
 <variant> Ателектаз
 <question> 65 жастағы ер адам, ұзақ уақыт СОӨА-мен ауырған. Соңғы күндері қатты енгігу, көпіршікті қызғылт қақырық, ортопноэ дамыды. Қарағанда: тынысы шулы, өкпеде көп мөлшерде ылғалды сырылдар естіледі.Бұл науқаста дамыған асқыну қандай?
 <variant> Өкпе ісінуі
 <variant> Пневмония
 <variant> Бронхиттің өршуі
 <variant> Плеврит
 <variant> Пневмоторакс

<question> 50 жастағы ер адам, кенеттен кеудесінде өткір ауырсыну, енгігу пайда болған. Анамнезінде: аяқ көктамырларының варикозы, ұзақ имобилизация.
 Қарағанда: АҚ – 70/40 мм сын.бағ., сатурация – 75%. ЭКГ – оң жүрек жүктемесі.Ең ықтимал диагноз?
 <variant> Өкпе артериясының тромбоэмболиясы
 <variant> Жедел миокард инфарктісі
 <variant> Пневмония
 <variant> Плевра эмпиемасы
 <variant> Перикардит
 <question> 43 жастағы ер адам, бірнеше аптадан бері субфебрилитет, арықтау, түнгі тершендік, қан түкіру.
 Қарағанда: әлсіз, арық. Рентгенде – каверна түзілісі. Қақырықта – қышқылға төзімді микобактериялар.Бұл науқаста негізгі диагноз?
 <variant> Кавернозды өкпе туберкулезі
 <variant> Өкпе абсцесі
 <variant> Созылмалы бронхит
 <variant> Өкпе ісігі
 <variant> Пневмония
 <question> 60 жастағы әйел, 2 апта бойы дене қызуының жоғарылауы (39°C), құрғақ жөтел, қақырықтың түсуі және жалпы әлсіздікке шағымданады. Оның тарихында созылмалы гипертония мен жүрек жеткіліксіздігі бар. Қараған кезде: тері цианоздалған, ісік жоқ. Аускультация кезінде сол жақ өкпеде ылғалды сырылдар мен шулы тыныс естіледі. Рентгенде екі жақ өкпеде инфильтрациялық көлеңкелер анықталды. Қан анализінде: лейкоцитоз, ЭТЖ жоғары, нейтрофилдер мен лимфоциттер жоғары. Бұл науқастың жағдайы қандай?
 <variant> Жедел пневмония
 <variant> Пневмоторакс
 <variant> Өкпе ісінуі
 <variant> Өкпе абсцесі
 <variant> Интерстициальды өкпе ауруы
 <question> 55 жастағы ер адам, темекі шегуші, соңғы 3 айда енгігу мен жөтелдің күшеюіне шағымданады. Қақырық түсуі көбейіп, түсі өзгерген. Қараған кезде: ауа жетіспеушілігінен тыныс алу жиілігі 22/мин, саусағының ұштары көкшіл түске боялған. Аускультация кезінде ылғалды және құрғақ сырылдар анықталады. Спирометрияда ФДШК1 төмен (48%). Рентгенде – екі өкпеде эмфизематозды өзгерістер, өкпе тіндерінде күңгірттену байқалады.Бұл науқастың жағдайы қандай аурумен сипатталады?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Южно-Казахстанская медицинская академия» 69/40 беттің 36 беті

<variant> Созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА)

<variant> Пневмония

<variant> Өкпе ісігі

<variant> Өкпе инфаркті

<question> 65 жастағы ер адам, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі мен гипертониясы бар, 2 апта бойы тыныс алу қиындығына, аяқтарының ісінуіне, жөтелге шағымданады. Қараған кезде: ортопноэ, акроцианоз, жүрек шекаралары кеңейген. ЭхоКГ нәтижесінде – оң жақ жүрек гипертрофиясы, өкпелік гипертензия анықталды. АҚҚ – 85/60 мм сын.бағ., пульс – 110/мин.Бұл жағдайды емдеу үшін

<variant> Диуретиктер (фуросемид)

<variant> АСЕ ингибиторлары (эналаприл)

<variant> Бета-блокаторлар (метопролол)

<variant> Антикоагулянттар (гепарин)

<variant> Протонды сорғыш ингибиторлар

<question> 60 жастағы әйел, екі апта бойы жөтел мен қақырық түсуіне, қызба мен әлсіздікке шағымданады. Қараған кезде: ауыр жалпы жағдай, тері бозарған, дене қызуы 38°C, тахикардия. Аускультацияда: оң жақ өкпеде құрғақ және ылғалды сырылдар, перкуссияда тұйық дыбыс естіледі. Рентгенде – оң өкпеде инфильтрациялық өзгерістер және плевра қуысында сұйықтық деңгейі анықталды.Бұл жағдайда қандай диагноз күтілуде?

<variant> Плевра эмпиемасы

<variant> Өкпе абсцесі

<variant> Пневмония

<variant> Пневмоторакс

<variant> Туберкулез

<question> 50 жастағы ер адам, темекі шегуші, соңғы бірнеше айда жөтел, еңтігу, қан түкіру мен әлсіздікке шағымданады. Қарағанда: кеудеде ауырсыну, қақырықта қанды бөлінділер бар, тері бозарған, тыныс жиілігі 26/мин. Рентгенде – екі өкпеде тұншығу ошақтары, бірқатар инфильтрациялық өзгерістер анықталды.

Патологиялық қақырықтан цитологияда қатерлі клеткалар анықталды. Қандай емдік тактика дұрыс?

<variant> Химиотерапия (цисплатин + паклитаксел)

<variant> Антибиотиктер (цефтриаксон + макролидтер)

<variant> Протонды сорғыш ингибиторлар

<variant> Витаминдер мен антиоксиданттар

<variant> Паллиативті радиотерапия

<question> 50 жастағы әйел, демікпе мен аллергиялық ринитпен ауырады. Құрғақ жөтел мен жедел еңтігу ұстамасы бірнеше күннен бері

күшейді. Спирометрияда ФДШК1 55%. Қарағанда: таңертеңгі жөтел мен ұйқыдан кейінгі еңтігу айқын көрінеді. Рентгенде қалыпты. Қандай дәрілер демікпе ұстамасын жеңілдетуге көмектеседі?

<variant> β2-агонисты (сальбутамол)

<variant> Монтелукаст

<variant> Ингаляциялық стероидтар

<variant> Теофилін

<variant> Левофлоксацин

<question> 55 жастағы ер адам, пневмонияның асқынуымен ауруханаға түсті. Жалпы әлсіздік, еңтігу, дене қызуы 38,5°C, қақырық сасық болып келеді. Қарағанда: тері бозарған, аускультацияда оң жақ өкпеде ылғалды сырылдар мен естілмеген тыныс байқалады. Рентгенде – оң өкпеде инфильтрациялық көлеңкелер, оң жақ плеврада сұйықтық деңгейі байқалады. Лейкоциттер – 14 мың, ЭТЖ – 25 мм/сағ. Бұл жағдайда қандай антибиотиктер қолдану ұсынылады?

<variant> Амоксициллин/клавуланат

<variant> Левофлоксацин

<variant> Цефтриаксон

<variant> Азитромицин

<variant> Пенициллин

<question> 75 жастағы ер адам, жүрек жеткіліксіздігімен есепте тұр. Қарсы көрсеткіштеріне қарамастан жедел емдеу қажеттілігі пайда болды. Науқас тыныс алу қиындықтары мен ісіну шағымымен ауруханаға түсті. Тыныс алу жиілігі – 24/мин, сатурациясы 89%. ЭхоКГ – оң жақ жүрек гипертрофиясы, өкпелік гипертензия.Бұл жағдайда қандай алғашқы терапия бастау керек?

<variant> Диуретиктер (фуросемид)

<variant> Нитроглицерин

<variant> Бета-блокаторлар (метопролол)

<variant> Антикоагулянттар

<variant> Глюкокортикостероидтар

<question> 66 жастағы ер адам, созылмалы обструктивті өкпе ауруымен (СОӨА) бірнеше жыл есепте тұр. Науқас соңғы бірнеше күнде жөтелдің күшеюіне, қақырықтың артуына және дене қызуының 38,3°C дейін көтерілуіне шағымданады. Қараған кезде: тері бозарған, тыныс жиілігі –

28/мин, өкпеде ылғалды сырылдар анықталған. Спирометрияда: ФДШК1 45%. Рентгенде: өкпеде эмфиземалы өзгерістер, инфильтрация ошақтары байқалады.Сіз бұл науқасқа қандай іс әрекет жасайсыз?

<variant> Антибиотиктер тағайындау (амоксициллин/клавуланат немесе левофлоксацин)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Пульмонология» пәні бойынша №2 аралық бақылауға арналған сұрақтары		«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Южно-Казахстанская медицинская академия» 69/40 беттің 37 беті

<variant> Тек оттегі терапиясын бастау
 <variant> Диуретиктер мен глюкокортикостероидтарды қолдану
 <variant> Паллиативті терапия тағайындау
 <variant> Микроорганизмдерге қарсы вакцинация ұсынылуы
 <question> 58 жастағы әйел, жедел тыныс алу қиындығы мен құрғақ жөтелге шағымданады. Қарағанда: температурасы 38°C, тахикардия, пульс – 110/мин. Аускультацияда өкпеде әлсіреген тыныс, құрғақ сырылдар анықталды. Рентгенде: өкпенің оң жақ бөлігінде инфильтрация, плевра қуысында сұйықтық деңгейі бар. Лейкоциттер деңгейі – 13 мың, ЭТЖ – 35 мм/сағ. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болады?
 <variant> Плевра қуысын дренаждау және антибиотиктер тағайындау (цефтриаксон + метронидазол)
 <variant> Протонды сорғыш ингибиторларды қолдану
 <variant> Тек антибиотиктермен емдеу (амоксциллин/клавуланат)
 <variant> Ингаляциялық стероидтар тағайындау
 <variant> Гипотензивті терапия қолдану
 <question> 72 жастағы ер адам, созылмалы жүрек жеткіліксіздігімен есепте тұр. Соңғы бірнеше күнде енгізу күшейіп, аяқтарында ісіну пайда болды. Қарағанда: ортопноэ, акроцианоз, тыныс алу жиілігі 22/мин. ЭхоКГ-да – оң жақ жүрек гипертрофиясы және өкпелік гипертензия. Қан қысымы – 85/55 мм сын.бағ. Науқастың жағдайын жақсарту үшін қандай алғашқы емдеу шараларын қолданасыз?
 <variant> Диуретиктер (фуросемид) және вазодилататорлар
 <variant> Жүрек гликозидтерін тағайындау
 <variant> Антикоагулянттар қолдану
 <variant> Жоғары дозада бета-блокаторлар тағайындау
 <variant> Ингаляциялық стероидтар қолдану
 <question> 53 жастағы ер адам, көп жыл темекі шегеді, соңғы 3 айда қақырықтың мөлшері артып, жиі жөтелмен қоса тыныс алуда қиындықтарға тап болды. Қарағанда: тері бозарған, саусақтарының ұштары көкшіл, аускультацияда ылғалды сырылдар анықталады. Рентгенде: екі өкпеде эмфизематозды өзгерістер және деструкция ошақтары байқалады. Спирометрияда ФДШК1 48%. Бұл науқасқа қандай емдеуді бастауыңыз керек?
 <variant> Сальбутамол (β2-агонисты) және ингаляциялық стероидтар (будезонид)

<variant> Пневмонияға қарсы антибиотиктер (цефтриаксон + азитромицин)
 <variant> Протонды сорғыш ингибиторлар (омепразол)
 <variant> Тек антикоагулянттар тағайындау
 <variant> Глюкокортикостероидтар тағайындау
 <question> 60 жастағы әйел, соңғы екі аптада құрғақ жөтелмен, қақырықтың пайда болуымен және дене қызуының жоғарылауымен шағымданады. Қарағанда: дене қызуы 38,2°C, жалпы әлсіздік, аускультацияда өкпеде ылғалды сырылдар естілді. Рентгенде – екі өкпеде инфильтрация ошақтары, плевра қуысында сұйықтық деңгейі бар. Қандай лейкоциттер деңгейі 14 мың, ЭТЖ – 25 мм/сағ. Науқастың жағдайына қандай іс әрекет жасау қажет?
 <variant> Пневмонияға қарсы антибиотиктер тағайындау (амоксциллин/клавуланат) және плевра қуысын дренаждау
 <variant> Тек тыныс алу жаттығуларын жасау
 <variant> Гипертензияға қарсы дәрілер қолдану
 <variant> Витаминдер мен антиоксиданттар тағайындау
 <question> 54 жастағы ер адам, ұзақ жылдар темекі шегуші, соңғы бірнеше айда жөтел мен қақырықтың түсуін байқайды. Қараған кезде: тері бозарған, тыныс алу жиілігі 28/мин, кеуде аймағында ауырсыну сезіледі. Рентгенде – өкпе тіндерінде инфильтрация мен сүйел тәріздес құрылымдар байқалады. Қақырықтан цитологияда қатерлі клеткалар анықталды. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай болар еді?
 <variant> Химиотерапия тағайындау (цисплатин + паклитаксел)
 <variant> Паллиативті терапия (радиотерапия)
 <variant> Антибиотиктер тағайындау
 <variant> Ингаляциялық стероидтар қолдану
 <variant> Оттегі терапиясын қолдану